

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 шілдедегі N 652 қаулысы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерін жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

1-бап. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат, N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2 -3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 1-12, 178-құжат; N 7-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; N 20, 731-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 7-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат):

105-баптың 2-тармағында "астана, облыстар, республикалық маңызы бар қала әкімдерін" деген сөздер "астана, облыстар, республикалық маңызы бар қала (облыстық маңызы бар қалалар әкімдіктерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 507-құжат; 1995 ж., N 23, 146-құжат):

2-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"400 мың адамнан астам халқы бар республикалық маңызы бар қаладағы, облыстық маңызы бар қаладағы және Қазақстан Республикасының астанасындағы аудан қаладағы аудан болып табылады."

3. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103 - құжат):

6 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тиісті аумақтың даму жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік даму бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту оның ішінде қаладағы аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдері орындайтын (әрбір қаладағы аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ бойынша жеке) бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламаларды бекіту;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымы негізінде қалыптастырылған әкімшілік-аумақтық бөліністі басқару схемасын әкімнің ұсынымы бойынша бекіту;"

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасы облыстарының, республикалық маңызы бар қаласының және астанасының мәслихаттары қоршаған ортаның ластану лимиттерін (аудандар және қалалар шегінде) белгілейді, қоршаған ортаның ластанғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төленетін төлемдердің ставкаларын бекітеді;"

22-бапта "сессиялар" деген сөзден кейін ", мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге органдарының отырыстары" деген сөздермен толықтырылсын;

27 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

б) тармақшада "әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер" деген сөздердің алдынан "облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың)" деген сөздер қ о с ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамалар нормаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды, бекітілген қала құрылысы құжаттамасына сәйкес құрылыс жобаларының іске асырылуына, қала құрылысы талаптарының, құрылыс салудың аумақтық ережелерінің сақталуына қадағалауды жүзеге асырады, салынып жатқан (салыну жоспарланып отырған) объектілерге

мониторинг жүргізеді және ведомствоға қарасты аумақта салынып жатқан (қайта жаңғыртылатын, кеңейтілетін, жаңартылатын, күрделі жөндеуден өткізілетін) объектілердің және кешендердің сапасы мен барысына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; "

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) облыстық маңызы бар (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) су құбырларын, электр беру байланыс желілерін және басқа да көліктік және инженерлік инфрақұрылымдар объектілерінің құрылысын салу мен пайдалануды ұйымдастырады; "

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) өз құзіреті шегінде экологиялық сараптаманы, табиғат қорғау объектілерінің құрылысы мен олардың қайта жаңғыртылуын ұйымдастырады, қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады, табиғат пайдалануды реттейді және қоршаған ортаның ластануына белгіленген лимиттер шегінде ластану квоталарын белгілейді; "

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) белгіленген мемлекеттік стандарттарды сақтай отырып, азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі жөніндегі құқықты іске асыруын қамтамасыз етеді; "

15) тармақша алынып тасталсын;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдіктер, қаладағы аудан әкімдерінің жұмысын үйлестіреді; "

22) тармақшада "бюджеттің" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін штат санының лимиті шегінде" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 22-3)-22-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"22-3) заңнамамен белгіленген жағдайларда және тәртіппен лицензиялауды ұйымдастырады; "

22-4) облыстық (астана, республикалық маңызы бар қала) бюджетке толық көлемде түсетін салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгерту туралы салық төлеушіні есепке алуды тіркеу орны бойынша салық органының шешімін келіседі; "

22-5) табиғи монополиялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде табиғи монополия субъектілерінің қызметін бақылайды және реттейді; "

22-6) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасында белгіленген шектерде тауар рыногындағы рынок субъектілерінің үстем (монополиялық) жағдайына бақылауды жүзеге асырады. "

1 - т а р м а қ т а :

8) тармақшадағы "әкімшілік-аумақты бөліністі" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымы негізінде қалыптастырылған" деген сөздер қосылсын;

10-тармақша алынып тасталсын;

31 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті" деген сөздерден кейін "(оның ішінде қаладағы аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдері орындайтын (әрбір қаладағы аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ бойынша жеке) бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламалар)" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) осы аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағындағы кенттер мен ауылдарды салудың бас жоспарларын әзірлейді және оларды аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) мәслихаттың бекітуіне ұсынады, коммуналдық меншік объектілері мен әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер құрылысы бойынша тапсырысшы болады, кентішілік (қалаішілік) коммуналдық желілер мен құрылыстарды салуға рұқсат береді;" ;

9) тармақшада "тасымалын" деген сөздің алдынан "кентішілік (қалаішілік) және ауданішілік" деген сөздер қосылсын;

10) тармақшада "реттеуді" сөзінен кейін ", оның ішінде жерлерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады" деген сөздермен толықтырылсын;

14) тармақшада "ана мен баланы қорғау" деген сөздер алынып тасталсын;

16) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 18)-24) тармақшалармен толықтырылсын:

"18) тиісті аумақтарда ветеринарлық іс-шараларды жүргізуді, өсімдік шаруашылығында және мал шаруашылығында пайдаланылатын қоймалар (көмбелер) салуды және қалыпты жағдайда ұстауды ұйымдастырады;

19) азаматтардың тегін орта білім алу құқығының іске асырылуын қамтамасыз етеді ;

20) мемлекеттік мекемелер және кәсіпорындар құрады, облыстық атқарушы орган белгілеген штат санының лимиті шегінде аудандық (қалалық) бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың штат санының лимитін белгілейді;

21) аудандық (қалалық) бюджетке толық көлемде түсетін (оның ішінде облыстық және аудандық (қалалық) бюджеттер арасында бөлінетін) салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін өзгерту туралы салық төлеушіні есепке алуды тіркеу орыны бойынша салық органының шешімін келіседі;

22) заңнамамен белгіленген жағдайларда және тәртіппен лицензиялауды

ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

23) табиғи монополиялар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде табиғи монополия субъектілерінің қызметін бақылайды және р е т т е й д і ;

24) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасында белгіленген шектерде тауар рыногындағы рынок субъектілерінің үстем (монополиялық) жағдайына ба қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"Аудандық (қалалық) әкімдікке жүктелген және осы бапта көрсетілмеген өкілеттіктер астанада (республикалық маңызы бар қалада) қала әкімдігі жүзеге а с ы р а д ы . " ;

3 3 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

7) тармақша алынып тасталсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) орта, бастапқы және кәсіби білім беру мекемелерін, әлеуметтік-мәдени сала мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуде қолдайды және көмек к ө р с е т е д і ; " ;

9) тармақша алынып тасталсын;

11) тармақшада "әкімшілік-аумақтық бөліністі" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымы негізінде қалыптастырылған" деген сөздер қосылсын;

3 5 - б а п т а :

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (с е л о л ы қ) округ әкімінің құзыреті";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы)" деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

4) тармақшада "тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністі ұстауға арналған шығыстарды қамтитын әкім аппараты сметасын" деген сөздер "өздері әкімшілері болып табылатын бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың қаржы жоспарларын" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) тұрмысы төмен азаматтарды анықтайды, жоғары тұрған органдарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша ұсыныс енгізеді, жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер жасауды, жалғыздікті қарияларға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарына қайырымдылық көмек көрсетуді

ұйымдастырады;";

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) аудандық атқарушы органға аудан орталығымен көлік қатынасын ұйымдастыру бойынша ұсыныс енгізеді;";

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) қатты науқастанған адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін жақын арадағы денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізіп салуды төтенше жағдайларда ұйымдастырады;";

мынадай мазмұндағы 16)-21) тармақшалармен толықтырылсын:

"16) әр шаруашылық бойынша статистикалық есепті жүзеге асырады;

17) жергілікті бюджетті бекіту (нақтылау) кезінде қала, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты сессиясының жұмысына қатысады;

18) мектепке дейінгі тәрбие мекемелерін, мәдениет мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуде қолдау және көмек көрсетеді;

19) елді мекендерді сумен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады, су пайдалану мәселелерін реттейді;

20) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

21) зираттарды, өзге де мола, туған-туысы жоқ адамдарды жерлеу орындарын күтіп ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады.";

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің құзіретіне сондай-ақ аудан орталығымен көлік қатынасын ұйымдастыру жөнінде аудандық атқарушы органға ұсыныс енгізу, сонымен бірге ауылдық (селолық) жерде оқушыларды мектепке және одан үйлеріне тегін жеткізіп салуды ұйымдастыру жатады.

1-2. Облыстық маңызы бар қалада аудандар болмаған жағдайда осы баптың 1-тармағында аталған функцияларды облыстық маңызы бар қаланың әкімдік жүзеге асырады.";

2 - т а р м а қ т а :

"республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы)" деген сөздер алып тасталсын;

"заңдармен" деген сөз "заң актілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

"республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы)" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қаладағы аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қазынашылық органдарында демеушілік және қайырымдылық көмек шоттарын ашуға және оның бюджет заңдарына сәйкес жұмыс істеуіне құқығы бар.";

36-баптың мәтіні бойынша "республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы)" деген сөздер алып тасталсын;

3 8 - б а п т а :

бап атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"38-бап. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан (облыстық маңызы бар қала), қаладағы аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

2. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппаратын тиісті облыс (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады.

Қаладағы аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараттың аудан (облыстық маңызы бар қала), республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады.";

4-тармақтағы "әкімі" деген сөз "әкімдігі" деген сөзбен ауыстырылсын;

3 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдарды тиісті мәслихат бекіткен әкімшілік-аумақтық өлшемнің басқару схемасы шеңберінде облыс (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады.";

2-тармақтағы "облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі" деген сөздер "тиісті әкімдігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін Осы Заңның қалалардағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдеріне қатысты 1-бабының 2-тармағынан және 3-тармағының бесінші, отыз жетінші және алпыс бірден бастап сексен алтыға дейінгі абзацтарынан басқасы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті